

Асанова А.А., Акбергенова А.К.

**ЖЕЗКАЗГАН МОНОШААРЫН ӨНУКТУРУУНУН НЕГИЗГИ ФАКТОРУ  
ИНВЕСТИЦИЯЛЫК ЖАГЫМДУУЛУКТУ ЖАКШЫРТУУ**

Асанова А.А., Акбергенова А.К.

**ГЛАВНЫЙ ФАКТОР РАЗВИТИЯ МОНОГОРОДА ЖЕЗКАЗГАН ЭТО  
УЛУЧШЕНИЕ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТИ**

A. Asanova, A. Akbergenova

**THE MAIN FACTOR IN THE DEVELOPMENT OF THE SINGLE – INDUSTRY TOWN  
ZHEZKAZGAN IS THE IMPROVEMENT OF INVESTMENT ATTRACTIVENESS**

УДК: 33.332.1:330.322

Моношаардын социалдык-экономикалык өнүгүүсүнүн негизги факторлорунун бири жергиликтүү региондун инвестициялык саясатын өркүндөтүү болуп саналат. Регионго инвестицияларды тартуу шаардын жашоо жөндөмдүүлүгүн жакшыртууга, эмгек акынын деңгээлин жогорулатууга, жумуш орундарын түзүүгө түздөн-түз таасир этет. Бул макалада Жезказган шаарынын инвестициялык жагымдуулугунун шаардын экономикасына тийгизген таасири маселелери каралды. Макалада статистикалык маалыматтардын негизинде инвестициялык жагымдуулуктун монограддын социалдык-экономикалык абалына тийгизген таасири изилденген. Ар бир инвестор үчүн бул аймактын экономикалык өнүгүүсүнүн өзгөчөлүгү маанилүү. Макаланын авторлору инвесторлорго белгилүү болгон аймакты тандоонун бир нече критерийлерин жана инвестициялык долбоорду ишке ашыруу үчүн инфраструктуралык жана ресурстар шарттарды белгилешти. Негизги капиталга инвестицияларды жана инвестицияларды тартуу чөйрөсү боюнча каржылоо булактарына талдоо жүргүзүлдү. Мындан тышкары, моношаардагы негизги инвестициялык долбоорлор сунушталып, макаланын жыйынтыгы чыгарылды.

**Негизги сөздөр:** моношаар, инвестициялык иш-чаралар, инвестицияларды тартуу, ишкана, долбоор, инфраструктура, жеке инвестициялар, чет өлкөлүк инвестициялар, социалдык-экономикалык өнүгүү.

Одним из основных факторов социально-экономического развития моногородов является совершенствование инвестиционной политики местного региона. Привлечение инвестиций в регион напрямую влияет на улучшение жизнеспособности города, повышение уровня заработной платы и создание рабочих мест. В данной статье рассмотрены основные проблемы и влияния инвестиционной привлекательности города Жезказган на экономику города. В статье представлены результаты исследования влияния инвестиционной привлекательности на социально – экономическое положение моногорода, которые проведены на основе статистических данных. Особенности экономического развития региона важны для любого инвестора. В данной статье авторы определяют для инвесторов несколько критериев отбора конкретной территории, инфраструктурные и ресурсные условия для реализации инвестиционного проекта. Проведен анализ источников финансирования инвестиций в основной капитал и по сферам привлечения инвестиций. Кроме того, были представлены основные инвестиционные проекты в моногороде, подведены итоги статьи.

**Ключевые слова:** моногород, инвестиционная деятельность, привлечение инвестиций, предприятие, проект, инфраструктура, частные инвестиции, иностранные инвестиции, социально-экономическое развитие.

One of the main factors of socio-economic development of single-industry towns is the improvement of the investment policy of the local region. Attracting investments to the region directly affects improving the viability of the city, raising wages, investments, and job creation. This article discusses the main problems and the impact of the investment attractiveness of the city of Zhezkazgan on the city's economy. The article examines the impact of investment attractiveness on the socio-economic situation of a single-industry town on the basis of statistical data. The specifics of the economic development of the region are important for any investor. In this article, the authors define for investors several criteria for selecting a specific territory, infrastructure and resource conditions for the implementation of an investment project. The analysis of the sources of financing of investments in fixed assets and in the areas of attracting investments is carried out. In addition, the main investment projects in the monotown were presented and the results were summed up.

**Key words:** single-industry towns, investment activity, investment attraction, enterprise, project, infrastructure, private investment, foreign investment, socio-economic development.

Кез келген аймактардын инвестициялык жагдайын жаксартуу элеуметтик-экономикалык дамытуу максатында билік пен бизнес арасындагы өзара тыгыз байланыстылыктын басым багыты болуп табылады. Түр-гүндөрдүн эл аукаты мен өмір сүрүү деңгейин арттырууға, бизнесті дамытууға колдау көрсөтүүгө багытталган стратегиялык максаттарға кол жеткізу үшін калаға ірі жобаларды іске асыруу үшін инвестицияларды тартпай мүмкін емес. Инвестиция аркылы экономикалык өсүдү камтамасыз етеміз. Өндіріске жаңа технологияларды енгізу, баскарудун жетілідірілген әдістерін дамытуу, халықтың өмір сүрүү деңгейі мен жагдайын жаксартууға тікелей ықпал етеді. Инвестициялык климатты зерттеудің өзектілігі аймақтық экономиканың дамуы үшін тәжірибелік маңыздылығымен түсіндіріледі.

Экономикалык жаңғыртуу максатында барлык ұзақ мерзімді бағдарламаларда қойылған міндеттерді шешу және құрылымдық қайта құруды камтамасыз ету үшін өңірлерде инвестициялык тартымдылықты арттыру басты мәнге ие. Осы орайда инвестициялык тартымдылықты камтамасыз ету максатында 2018-2022 жылдарға арналған Ұлттық инвестициялык стратегия әзірленген болатын. Ондағы максат экспортқа бағдарланған шикізаттық емес секторларға шетелдік инвестицияларды тартуға басты назар аударылады [1].

Монокалалардың әлеуметтік – экономикалық дамуының бірден бір негізгі факторларының бірі – жергілікті аймақтың инвестициялық саясатын жетілдіру болып табылады. Аймаққа инвестицияны тарту арқылы қаланың өміршеңдігін жақсартуға, жалақы деңгейін жоғарлату, инвестициялар құю, жұмыс орнын жаңғырту сияқты іс шараларды жүзеге асыруға тікелей әсер етеді.

Монокалалардағы инвестициялық реттеу тетігі ұдайы өндіру процесін басқаруды мемлекеттік жүйенің құралы ретінде қарастырылуы керек және орталық билік пен өңірлік билік органдары арасында өзара байланысты көрсетуі тиіс. Монокаладағы инвестицияларды тартудың процесінің экономикалық мазмұны микро деңгейді көрсетсе, ол процесс макро деңгейдегі мазмұннан айтарлықтай ерекшеленбейді, алайда монокалалар деңгейіндегі инвестициялық қызмет өндірістік, әлеуметтік, мәдени, коммуналдық және басқа да тіршілік салаларының жүйелі қатысушысы ретінде қаланың қалыптасып дамуы маңыздылығымен байланысты бірқатар ерекшеліктерге ие [2].


Монокала экономикасына тартылған инвестициялардың көлемі кез келген аймақ үшін оның әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына әсер етуші негізгі фактор болып табылады. Инвестицияны тарту арқылы қала халқына жұмыс орындарын және мемлекет үшін салық түсімдерінің түсуін қамтамасыз етеді.

Инвесторларды өңірге қаражат салуға ынталандыратын тетіктер мен факторлар оның бәсекеге қабілетті болуымен тікелей байланысты [3].

Өңірде инвестицияларды тарту деңгейі мен инвестициялық жобаларды іске асыруға мемлекеттік қолдаудың да маңызы ерекше және мемлекеттік қолдаудың әсері жоғары болып келеді. Мемлекеттік қолдау тек салықтарды төмендету немесе жеңілдіктер берумен ғана шектелмей, сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде ынталандыратын өзге де қаржы тетіктерін қолданған жөн.

Монокаланың мәселелерін тек қана жергілікті деңгейде шешу мүмкін емес оған үкіметтің және қала құраушы кәсіпорынның, сонымен қатар, әлеуеті жоғары инвесторлардың тікелей ат салысуымен байланысты. Монокалаларды неғұрлым тұрақты ету, бизнесті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу, инвестицияларды тартуға жағдай жасау монокалаларды дамытудағы басты міндет болып табылады [4].

Өндіріс күші аймақтың негізгі қозғаушы көрсеткіші болып табылады. Қаланың өнеркәсіп өнім көлемі қаланың әлеуметтік экономикалық тұрақты дамуына бірден бір маңызды сала болып табылады. Қаланың өнеркәсіптік өнім көлемі келесі диаграммадан байқасақ, 2018-жылы 91,5%ға төмендегенін көреміз. 2020-жылы 611,1 млрд.тенге өнім өндіріп, 102,2%ға өскен.



1-сурет. Қаланың өнеркәсіптік өнім көлемі, млрд. тенге.

Соңғы жылы серпін 266,9 млн. тенгеден 611,1 млн. тенге дейін өсті, бұл ретте өсім 447% құрады. Жезқазған қаласы бойынша өнеркәсіп саласы көрсеткішінің өсуіне қарамастан бірқатар мәселелер бар. Бұл проблемалар бірнеше жылдан бері қазіргі таңға дейін шешімін таппай келе жатқан мәселелер: негізгі өндірістік қорлардың ескіруі және баяу жаңаруы, инвесторларды тарту мәселесі, кредиттер бойынша жоғары пайыздық мөлшерлемелердің болуы, кәсіп-

керліктің нашар дамуы, жұмыссыздық деңгейі, кадрлардың жетіспеушілігі, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның барлық түрлерінің тозуы мен даму деңгейінің жеткіліксіздігі.

Жезқазған қаласының қаржыландыру көздері бойынша 2016-2020-жылдар арасындағы көрсеткіштерге қарайтын болсақ, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі жыл сайын өскенін көреміз.

## ИЗВЕСТИЯ ВУЗОВ КЫРГЫЗСТАНА, № 3, 2022


1-кесте

Жезказган қаласының қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар, 2016-2020-жж., мың тенге.

Көрсеткіштер	2016-ж.	2017-ж.	2018-ж.	2019-ж.	2020-ж.
Барлығы:	9 442 481	12 840 243	23 965 214	22 161 560	34 706 645
Республикалық бюджет	265 224	27 369	196 734	5 558 910	5 273 583
Жергілікті бюджет	500 000	1 633 015	1 809 086	1 418 131	10 837 534
Мншікті қаражат	7 864 657	11 058 598	21 068 189	15 168 329	18 245 528
Банктердің кредиттері	812 600	-	-	16 190	350 000
	<i>*Статистикалық мәліметтер негізінде жасалды</i>				

Кестеден көретін болсақ, 2016-жылмен 2020-ж. аралығындағы инвестициялардың көлемі қарастырылған. Барлық бөлінген инвестициялар көлемі соңғы жылдары көбейгені байқалады. 2016-ж. 9 442 481 млн. тенгені құраған болса, 2020-ж. 34 706 645 млн. тенге дейін өскен, бұл өткен 2019-жылмен салыстырғанда өсу қарқыны 156% құрайды. Кестеден көрінгендей меншікті қаражат есебінен тартылған инвестициялар ауқымы басым.

2021-ж. Жезказған қаласының инвестиция тартуда басты салалары өнеркәсіп, өңдеу өнеркәсібі, электр энергиямен, газбен, сумен жабдықтау және денсаулық саласы салаларына тартылған. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек инвестиция тартуда қала экономикасының басқа салалары қамтымаған. Мысалы, өңірде ауылшаруашылығы өнімдерін дамыту жақсы мүмкіндікке ие. Қалада ауылшаруашылығы өнімдерін өндіретін кәсіпорындарды ашу қолға алынса, қаланың экономикасында жаңа жұмыс орындарын ашу мүмкіндігі болар еді.



2-сурет. 2021-жылы Жезказған қаласының инвестиция тартылған салалары.

Осы тарапта меншік нысандары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар 2015-2019 жылдар арылығында жыл сайын өсуде. Кестеде меншік нысанына қарай, мемлекеттік, жеке меншік және шетелдік меншік түріне қарай инвесторлар капиталға салынған инвестиция көлемі көрсетілген.

2-кесте

Жезказған қаласы бойынша инвесторлардың меншік нысандары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге

Көрсеткіштер	2015	2016	2017	2018	2019
Барлығы	10 285 890	10 430 048	12 101 503	28 356 241	31 335 005
<i>оның ішінде меншік нысандары бойынша:</i>					
мемлекеттік	391 419	822 522	1 844 675	2 379 603	7 266 909
жеке меншік	7 042 538	7 392 598	8 766 569	21 011 444	23 460 260
шетелдік	2 851 933	2 214 928	1 490 259	4 965 194	607 836
<i>*Статистикалық мәліметтер негізінде жасалды</i>					

Кестеде көрсөтүлгөндөй, жеке меншік нысандагы инвестицияны тартууда 2019-жылы - 23 460 260 мың тенге құраған болса, мемлекеттік нысандагы инвестициялар тартуу 2019-жылы - 7 260 909 мың тенге құрады, сәйкесінше шетелдік инвестициялар көлемі 2019-жылы -607 836 мың тенге.

Жезқазған қаласының индустриалдық – инновациялық даму картасы аясында да бірқатар жобалар да іске асырылды. Осы кезеңге дейін 9 инвестициялық жоба іске асырылды. Соның нәтижесінде қалада 652 жұмыс орны құрылып, 2019 жылмен салыстырғанда 35% өсіммен 3,2 млрд. тенгенің өнімі өндірілді. 2015-2019-жж. аралығында кәсіпкерлікті қолдау картасы бойынша инвестиция көлемі 6,7 млрд.тенге жобалар іске асты. Бұл жобаларды атап айтсақ, ТОО «Ютария LTD», ТОО «Казтехфильтр», ТОО «Племптицеторг», СПК «Ұлытау Флора», ТОО «Компания ВАУАН», ИП «Тәтті», ИП «Тулеев», АО «Жатырбұлақ», ТОО «Самға». 2020 жылы қалада ірі жобалардың қатары жалпы жұмсалған құны 7 256 млн тенге, 200 орындық, «Қалалық жұқпалы аурулар орталығы» және» 900 орындық, жалпы құны 1805,9 млн. тенге болатын Назарбаев Интеллектуалдық мектеп» құрылысы болды. 2021-жылы жоспарланып жүзеге асып жатқан инвестициялық жобалар қатарына: жұмсалған жоба құны 8,2 млрд. тенге, жұмыс күші 97 жұмыс орынды құрайтын концентраттарды гидрометаллургиялық өңдеу тәжірибелік зауытының құрылысы; жоба құны 1,2 млрд.тенге, жұмыс күші 150 жұмыс орын құрайтын өнеркәсіптік реагент өндірісіне негізделген химиялық зауыт құрылысы; жоба құны 8,2 млрд. тенге, жұмыс күші 76 жұмыс орын болатын биоэлектростанция құрылысы. Осы жоспарланған жобалар нәтижесінде негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 17,6 млрд.тенгеге ұлғаяды деп күтілуде.

Жезқазған қаласының 73% импорт болса, 27% жергілікті қамтамасыз етулер болып табылады.

Өңірге инвестицияларды тарту бойынша жұмысты күшейту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалу қажет. Инвестор өз жобасын іске асыру үшін инфрақұрылымдық және ресурстық шарттардың маңызы болуы тиіс: жергілікті жерде барабар құны бойынша білікті кадрлардың болуы; инвестициялық алаңдардың дайындық кезеңі, атап айтсақ, электр, газ, су, жылу-коммуникацияларға қажетті деңгейде қосылуы мен олардың жылдамдығы; шикізат көздері мен табиғат ресурстарының болуы мен арақашықтығы, олардың логистикалық қолайлығы; инфрақұрылымның болуы оның ішінде, инженерлік, көлікті, әлеуметтік және т.б. [5].

Инвесторлар үшін белгілі аймақты таңдаудың негізгі критерийлері мыналар болып табылады:

- Инвестициядан бизнес алуды жоспарлап отырған қосымша пайда;

- Аумақтың беделі, оның әкімшілігі, жобаның бизнес беделіне әсері;

- Билікпен қарым қатынас кезінде түсінікті әрі болжамды әсер ету мүмкіндігі, қауіпсіздігі мен тәуекел дәрежесі қандай;

- Өткізу нарықтарының арақашықтығы және аумақтың көліктік қолжетімділігі;

- Бизнес – серіктестіктердің болуы және сол аумақты дамытуда логиканың ұшқырлығы және т.б.

Моноқалаға инвестицияны тартуды дамытудың бірнеше бағыттарын атап өткім келеді:

1. Өңірге инвестициялық жобаларды тарту кезінде ең алдымен ірі жобалардың тарту маңызды. Мысалы, туристік реакциялық зоналарды дамыту. Ең алдымен бұл қонақ - үй бизнесі, тамақтануды ұйымдастыру, сувенирлік өндірісті дамыту, сонымен қатар, мәдени, спорттық ойын сауық орталықтарды ашу.

2. Инновациялық құрылымдарды көбейту бұл да қала экономикасының жандануына септігін тигізетіні сөзсіз.

3. Аймақтық артықшылықтарды пайдалану, өңіраралық немесе елдермен тығыз байланыс орнату арқылы аймақтағы ерекшеліктермен қала экономикасын біріктіру.

4. Қаланың тұрақты дамуын және тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін энергетикалық, азық-түлік және әлеуметтік қауіпсіздік тұжырымдамасын қалыптастыру және іске асыру.

Дамудың инвестициялық бағыттары барлық мүдделі тараптардың неғұрлым белсенді бірлесіп араласуын талап етеді. Ол үшін жергілікті жеке меншік әріптестіктің, ірі жобаларды іске асыруда жоғары билік пен қала арасындағы тығыз байланыстың болуы, инвестиция тартуда үкіметтік билік органдарымен жұмыс жасау маңызды болып табылады. Моноқаланы бірлесіп дамытуды қажет етеді. Ол үшін жиірек бірлескен жобалық немесе стратегиялық сессиялар өткізу арқылы, қаладағы бірнеше мүдделі тараптардың өкілдерінен тұратын, атап айтқанда, қала басшысы, білікті білім алушылар, қала құраушы кәсіпорындардың өкілдері, бизнес өкілдері және әлеуетті инвестордың қатысуымен болашақтың қалаған имиджіне жету және дамудың нақты қадамдарын қалыптастыруға ат салысу керек.

Қорыта келе, Жезқазған моноқаласының инвестициялық ортасын қалыптастыру үшін бірнеше кедергілерді шешу керек:

- Жол инфрақұрылымын жаңғырту керек. Жолдардың басым бөлігі жөндеуді қажет етеді. Жеткілікті дамымаған инфрақұрылым салаларды дамытуға кедергі келтіреді.

- Су мәселесін шешу, газдандыруды жеделдету.

- Еңбек нарығындағы біліктілік сәйкессіздігінің салыстырмалы түрде жоғары деңгейі және жұмыс күшінің білім деңгейінің төмендігі.

Жалпы қаланың тұрақтылығын сақтап тұру үшін де, қаланың өмірлік жағдайын жақсарту үшін де инвестициялық тартымдылықтың алатын маңызы зор.

**Әдебиеттер:**

1. ҚР Үкіметі қабылдаған Ұлттық инвестициялық стратегия. 2017. [Эл.ресурс]:[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000\\_498](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000_498)
2. Беликов С.Ю. Модель привлечения инвестиций в моногород. / Московский экономический журнал. 2019. №8. - С. 218-226.
3. Конищева Т.И. Управление привлечением инвестиций: региональный аспект. 2019. - Том 2. - № 3. - С. 237-244. - doi: 10.18334/ecsec.2.3.100642
4. Совещание президента по вопросам стабильного развития моногородов. // [Электронный ресурс]: <http://www.kremlin.ru/events/president/news/20873>
5. Совершенствование механизмов привлечения инвестиций в Республику Казахстан и формирование инвестиционного имиджа Республики Казахстан Отчет №9: Анализ региональных и промышленных ограничений в приоритетных секторах привлечения инвестиций Составлено Компанией Reformatics, 25 ноября 2018 <https://turkestan.invest.gov.kz/-upload/iblock/ac9/ac9e28d3b090f0c80d4d2c2a55976837.pdf>